ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 26 маусым № 2301-25-00-2/1277 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М. Момынжанов,
сот отырысының хатшысы ретінде Ш.М.Борисованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қағңрады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма)

ЖАУАПКЕР:
«Молибден Тепло Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік)

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҒЫНДА ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Автодорсервис» фирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - «Автодорсервис» фирмасы)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Г.А. Алматова
жауапкер өкілі Н.А. Мубарак
үшінші тұлға өкілі В.Н. Кондратенко
аудармашы А. Ақылбеков

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2025 жылғы 7 сәуірде Басқарма «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім» мемлекеттік мекемесі үшін автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстары» мемлекеттік сатып алуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру жариялаған.

Сатып алу сомасы 125 582 812 теңге.

Көрсетілген конкурс бойынша өтінімдерді қабылдаудың бастау мерзімі – 2025 жылғы 7 сәуір, аяқталуы 2025 жылғы 11 сәуір.

Көрсетілген конкурсқа қатысу үшін Серіктестік құжаттарын тапсырған.

2024 жылғы 11 қарашада Серіктестік құрылыспен байланысты емес жұмыстарды сатып алу кезіндегі біліктілік және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттар туралы мәліметтер конкурстық құжаттамасында көрсетілген материалдық ресурстарына «Автодорсервис» фирмасымен 2024 жылғы 20 тамыздағы техниканы жалға беру туралы №20.08-01/24 шарты (бұдан әрі - шарт) негізінде жалға алынған «Жол таптағыш-XCMG XP263» мемлекеттік белгілері AXD665Z және AXD678Z техникаларын (бұдан әрі - техникалар) ұсынған.

2025 жылғы 14 сәуірде Басқармамен «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Мекеме) көрсетілген техникалардың төлқұжаттарының шынайылығын растау үшін сұрау хат жолданған.

2025 жылғы 16 сәуірдегі Мекеменің жауап хатына сай, 2022 жылғы 24 қарашада техникалар «Автодорсервис» фирмасының меншігінен тіркеуден шығарылған.

Басқарма талап қоюда Серіктестің конкурсқа қатысу барысында анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанын негізге алып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сотта талап қоюшы өкілі Г.А. Алматова талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Н.А. Мубарак талап қоюды мойындамай, үшінші тұлғамен жасалған шарт негізінде техникалар жалға алынғандығын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға В.Н. Кондратенко жауапкермен араларында қандайда бір техниканы жалға беру туралы шарт жасалмағанын, шарттағы «Автодорсервис» фирмасының директорының қолы еместігін көрсетті.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1) тармақшасына сәйкес, анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 03.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 03.09.2025, судья Момынжанов Ж. М., 22.09.2025
2301-25-3-1/1454

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағының 4)-тармақшасына сәйкес, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Іс-құжаттарына сай, жауапкер конкурстық құжаттамасында материалдық ресурстарына «Жол таптағыш-XCMG XP263» мемлекеттік белгілері AXD665Z және AXD678Z техникаларын «Автодорсервис» ЖШС-мен жалға беру туралы шарты негізінде ұсынған.

Сотпен анықталғаны, көрсетілген техникалар 2022 жылғы 24 қарашада «Автодорсервис» фирмасының меншігінен тіркеуден шығарылған.

Үшінші тұлға өкілінің түсініктемесінен және іс-құжаттарынан анықталғаны, Серіктестікпен үшінші тұлға «Автодорсервис» фирмасы арасында техникаларды жалға беру туралы шарт жасалмаған.

Сотта бұл мән-жайды жауапкер өкілі теріске шығарған жоқ.

Бұл жағдай жауапкердің конкурсқа қатысу барысында көрсетілген техникалардың болмағандығын (жоқ екендігін) көрсетеді.

Бұл мән-жайды кері шығаратын дәлелдемелерді жауапкер Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 72-бабына сай сотқа ұсынбады. Бұл оның процессуалдық олқылықтары болып табылады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды (АПК-нің 73-бабының 1-бөлігі).

Өз кезегінде, сотқа шешімді болжамдаудың негізінде құрастыруға тыйым салынған.

Осылайша, жауапкер мемлекеттік сатып алу конкурсына шынайы мәлімет ұсынбауы оған Заңның 8-бабы 4-тармағының 1)-тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 8-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 03.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2025, судья Момынжанов Ж. М., 22.09.2025

Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

Осы баптың 3-6-тармақтарында көзделген талаптар сақталмаған жағдайда сот адамға тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тарта алады (АК-тің 8-бабының 7-тармағы).

Бұл жағдайда, сот жауапкердің конкурсқа қатысу барысында өзіне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде әділ әрекет жасамай, заң талаптарын сақтамаған деп тауып, оған тиесілі оның құқығын қорғаудан бас тартады.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, сот жауапкердің мемлекеттік сатып алу конкурсына шынайы мәлімет ұсынбағанын, талап қоюшының Заңның 8-бабының 4-тармағында белгіленген мерзімде сотқа жүгінгенін ескеріп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, талап қою қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 (0,5 АЕК=1 966 теңге) теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Молибден Тепло Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Молибден Тепло Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Молибден Тепло Строй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 03.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2025, судья Момынжанов Ж. М., 22.09.2025

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 03.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 03.09.2025, Судья Момынжанов Ж. М., 22.09.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»